



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

21 мамыр 2025 жыл

Құлан ауылы

458-Ө

№

село Қулан

### 2025 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылғы 21 мамырдағы №303-Ө бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің жалпы орта білім беретін басшылары:

1) Жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға көзделген жергілікті бюджет қаражат есесінен қамтамасыз етсін;

2) Жалпы орта білім беретін мектептерде 2025 жылы 2 маусымда мектеп жанындағы лагерлер ашылып, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылсын;

3) Жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанынан тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі уақыттағы демалыс алаңдарын, мектеп жанында ұйымдастырылатын киіз үй мен шатырлы лагерьлердің жұмысын, еңбек және балалардың бос уақытын өткізетін жазғы алаңдарды, мектеп орманшылығын, мектеп өндірістік бригадаларын ұйымдастырсын;

4) Лагерьлердің қызметін жақсарту, онда балалардың демалуы үшін қажетті жағдайлар жасау, тәжірибелі педагогикалық, медициналық басқа да қажетті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

5) Қала сыртындағы лагерьлерге бірінші кезекте жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларының, мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі балалардың демалуын және сауықтырылуын қамтамасыз етсін;

6) Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ішкі істер бөлімдерінде есепке алынған жасөспірімдерді демалыспен және уақытша еңбекпен қамтылуын бақылауға алсын;

7) Мектеп жанындағы демалыс алаңдарда, қала сыртындағы сауықтыру лагерьлерінде демалыспен қамтылатын балалардың жан-жақты қауіпсіздігін, оның ішінде тасымалдау барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қатаң бақылауға алсын;

8) Оқушылардың жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бағытындағы іс-шаралардың талапқа сай жүргізілуін бақылауға алсын;

9) Әр айдың 5-не дейін (маусым, шілде, тамыз айлары) білім бөліміне балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру барысы туралы ақпарат және қорытынды есеп 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұсынылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Анара Иманбаевна Базаркуловаға жүктелсін.

Басшы



М.Сванов